

- микроэкономические (механизм ценообразования на рынке интеллектуальных продуктов, инновационная и амортизационная политика предприятий, система оплаты труда в сфере интеллектуальной деятельности и др.)

- институциональные (система законодательного регулирования интеллектуальной деятельности и механизм защиты объектов интеллектуальной собственности).

Таким образом, интеллектуальный потенциал общества - интегральное понятие и в обобщенном виде отражает уровень развития различных взаимосвязанных областей интеллектуальной жизни современного общества, а именно – состояние систем образования, науки, культуры, информатизации, техники и на основе их непрерывной модернизации определяет уровень инновационного развития и конкурентоспособности страны, региона, предприятия.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Базилевич В.Д. Экономическая теория. Политэкономия : учебник для вузов. – 3-е изд. / В. Д. Базилевич. – М. : Рыбари; К. : 2009. – 870 с.

2 Назарбаев Н.А. Послание Президента РК народу Казахстана «Казахстан в новой глобальной реальности: рост, реформы, развитие» от 30 ноября 2015 г. / Н. А. Назарбаев // Казахстанская правда. – 2015. – 1 декабря.

3 Сабден О. Стратегия развития глобальной инновационной экономики в XXI веке / О. Сабден // Казахстанская правда. – 2014. – 17 ноября.

4 Леонидова Г. В. Основные направления оценки интеллектуального потенциала / Г.В. Леонидова // Федерализм. – 2011. – № 2. – С. 69—80.

5 Ожегов С.И. Словарь русского языка. – М.: Рус. яз., 1989. – 924 с.

6 Журавлев В.А. Интеллектуальный потенциал креативного общества – элементы и характеристика / В.А. Журавлев // Креативная экономика. – 2009. – № 9. – С. 3-14.

7 Армстронг М. Практика управления человеческими ресурсами: пер. с англ. / М.Армстронг. – СПб.: Питер, 2004. – 832 с.

ТҮЙІН

Мақалада қоғамның интеллектуалдық әлеуетін зерттеудің теориялық негіздері тұжырымдалған. Интеллектуалдық әлеуеттің құрылымдық элементтері және интелект пен интеллектуалдық әлеуеттің әртүрлі түсініктері баяндалған.

RESUME

The paper summarizes the theoretical basis of the study of the intellectual potential of society. It sets out the structural elements of the intellectual capacities and different interpretations of the concepts of intelligence and intellectual capacity.

ӨОЖ 330.564.22(574.1)

Ж.К. Ержанова, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., Қазақстан

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ДАМУ ЖАҒДАЙЫ

Аннотация

Шағын кәсіпорындардың мәні мен маңызы оның экономиканы қалыптастырудағы рөлі келтірілген. Статистикалық мәліметтер негізінде шағын бизнесті ұйымдастыру жағдайлары талданып, оны жетілдіру жолдары келтірілген.

Түйін сөздер: шағын бизнес, инновация, инвестиция, кәсіпкерлік, лизинг, несие.

Шағын бизнес – адам қызметінің ерекше саласы және ол еңбектің басқа түрлерінен оқшауланып тұрады. Бұған неміс экономисі Гарвард университетінің профессоры Иозеф Алиоз Шумпетер: “Кәсіпкер болу – басқаның істегенін істемеу”- деп көрсеткен. Кәсіпкерлер алдымен кәсіпкерлік жұмысты ұйымдастырушылар. Ол жайлы француз экономисі Жан Батист Сэй: “Кәсіпкер – адамдарды өндірістік шеңбер ауқымында ұйымдастыратын адам”, - деп көрсетеді.

Шағын бизнестің негізгі мақсаты – халықты жұмыспен қамтамасыз ету, оның әлеуметтік проблемаларын шешу және еңбекке деген ынталығын дамыту, тұтыну нарығын мол ассортиментті тауарлармен және қызмет етумен толтыру, жетілдіру. Экономиканың өтпелі кезеңіндегі шағын кәсіпкерлік, ең алдымен, нарықтың тауармен толығына және жаңа жұмыс орындарының құрылуына мүмкіндік берді. Жалпы алғанда, кәсіпкерлік экономикада нақты белсенді, бәсекелес ортаны ғана қалыптастырып қоймайды, сонымен қатар, мемлекеттің экономикалық дамуында оның тұрақтылығының индикаторы есепті орта тапты жасақтайды. Қазірдің өзінде кәсіпкерлік Қазақстанның бүгінгі экономикасында лайықты орын алды. Шағын кәсіпорындардың соңғы жылдары күрт ұлғаюы жаңа нарықтық құрылымның қалыптаса бастағандығының айғағы. Шағын кәсіпорындардың артықшылықтары: бәсекелі нарықтың өрісін кеңейтеді; айрықша қажеттіліктерді қанағаттандыру мүмкіншілігі, өзгерістерге тез икемделу қабілеттілігі; жаңа тауарларды, жұмыстардың жаңа тәсілдеріне тез бейімделе алады. Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кешенді шаралар белгіленген. Бағдарламада шағын кәсіпкерлікті тұрақты дамытуды қамтамасыз ету, экономикада оның үлесін ұлғайту, жаңа жұмыс орнының санын арттыру, айқын бәсекелестік ортаны құру, қоғамның орташа табы ретінде меншік иелерінің бұқаралық тобын қалыптастыру көзделген. Бағдарламаны жүзеге асыру үшін мынадай міндеттер шешілуге тиіс: ұтымды нарықтық инфрақұрылымды қалыптастырып дамыту; салалық министрліктердің өндірісте, инновацияда және басқа салада шағын бизнесті дамытуға қолдау көрсетуі; несие беру ісіне жеке сектордың араласуы; шағын кәсіпкерлікті қолдау аясындағы нормативтік-құқықтық актілерді жетілдіру. Шағын кәсіпорындардың дамуы нарықты тауар және қызметтермен толықтырады, экспорттың потенциалын арттырады және жергілікті шикізат ресурстарын тиімді пайдалануға мүмкіндік жасайды. Шағын кәсіпорын дүниежүзінде маңызды орын алады. Ол тек қана тұтыну сферасында емес, сол сияқты кейбір бөлек механизмдерді шығару жағдайында немесе полуфабрикаттар өндіріп негізгі басты өндірісті қамтамасыз етуде маңызды орын алады. Шағын кәсіпкерлік субъектілері жеке адамдар болуы да мүмкін. Шағын кәсіпорын барлық халық шаруашылық салаларында жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында: «Шағын және орта бизнесті дамыту – ХХІ ғасырдағы Қазақстанды индустриялық және әлеуметтік жаңғыртудың басты құралы», - деп көрсетті. Экономикамызда шағын және орта бизнестің үлесі артқан сайын Қазақстанның дамуы да орнықты бола түседі. Шағын бизнес ұрпақтан-ұрпаққа берілетін отбасы дәстүріне айналуға тиіс [1].

Жеке кәсіпкерлікті қолдау саласындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясаты жоғары қосымша құны бар жаңа жоғары технологиялық өндірістерді құруға ұмтылған шағын кәсіпкерлікті дамыту арқылы орта класты қалыптастыруға бағытталған. Қойылған мақсатты орындау үшін Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық даму стратегиясын жүзеге асырудың бір кезеңі ретінде кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымын дамыту көзделген [2, 3].

Кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылым құрамында жеке кәсіпкерлікті дамытуға қолайлы жағдай туғызатын бір топ мекеме бар.

Қазақстандағы осындай мекемелер қатарына :

- мемлекеттік және мемлекет қолдауымен құрылған мекемелер ;
- үкіметтік емес мекемелер ;
- коммерциялық мекемелер кіреді .

Функционалды бағытына қарай инфрақұрылымның институттық құрылымы былай анықталады:

- бизнестің қалыптасуы, әрекет етуі және дамуы кезеңінде көрсетілетін мемлекеттік қолдау;
- қаржылық қолдау;
- ақпараттық - талдау жағынан қолдау;

- кадрлардың біліктілігін арттыру және білім саласындағы қолдау;
- материалды - техникалық жағынан қолдау.

Батыс Қазақстан облысында бизнес жобаларды жүзеге асыру үшін республикалық бюджеттен 2013 жылы 946 млн. теңге бөлінсе, 2014 жылы осындай мақсатқа 1,7 млрд. теңге бөлінген. 2013 жылы 22 жоба мақұлданып, қолға алынды. Кәсіпкерлердің өз ісін дамытуына жағдай туғызылуда. Бизнесінің қыр-сырын жете түсіне алмай, өз кәсібін қалай бастауды білмей жүргендер үшін тегін қызмет көрсетіледі.

2014 жылғы 1 желтоқсанға белсенді орта және шағын кәсіпкерлік субъектілерінің жалпы санындағы жеке кәсіпкерлер үлесі 80,2 %, шаруа (фермер) қожалықтары 12,5%, орта кәсіпкерліктің заңды тұлғалары – 0,5 % және шағын кәсіпкерлік – 6,8% құрады.

1 кесте – БҚО ШОК субъектілерінің саны

	Тіркелген субъектілер	Белсенді субъектілер
Барлығы	48 206	29 647
ШОК тұлғалары	5 747	2 156
Жеке кәсіпкерлер	38 319	23 790
Шаруа немесе фермер қожалықтары	4140	3701

Кесте мәліметтері БҚО статистика агенттігінің жинақтарынан алынды [4].

Шағын және орта бизнесті жүргізудегі қиыншылықтардың салдарынан кей тіркелген ШОК тұлғалары белсенді қызмет атқара алмауда. Мұның әр шаруашылықтың өзіне тән себептері бар: қаржы жетіспеушілігі, нақты жоспарлау процесінің дұрыс жүргізілмеуі, нақты сала юйынша кадр тапшылығы және т.б.

2014 жылы облыста 5605 шағын бизнес кәсіпорындары тіркелген, бұл 2013 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда 3,5 % көп, Оның 3401 жұмыс істейтіндер, яғни экономикалық қызметін жүзеге асыра алатын немесе потенциалды жүзеге асыруы мүмкін болып табылады, оның 2017 белсенді болып табылады.

Шағын және орта кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандар саны 8,7%-ға өсіп 89 741 адам құрады.

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің өндірілген өнім көлемі сомасы 257 237 млн.теңгеге тең, бұл өткен жылдың көлемінен 7,7%-ға жоғары. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің өндіріс көлемінің индексі 100,6% құрады. Шағын кәсіпкерлік саласында жұмыс істейтіндердің жалпы саны 63991 адамды құрады, бұл базистік жылмен салыстырғанда 11,3%-ға жоғары.

2013 жылы шағын бизнестің шаруашылық жүргізуші субъектілері 113 468,0 млн. теңгенің өнімін өндіріп, жұмысын атқарып, қызметін көрсетті, ол өткен жылдың тиісті кезеңінен 8,5%-ға жоғары. Шағын кәсіпкерлік субъектілерімен шығарылған өндіріс көлемінің индексі 101,4% құрады.

2013 жылы екінші деңгейлі банктер филиалдарымен шағын бизнес субъектілеріне 14 425,3 млн. теңгеге несие берілді, 2012 жылдың тиісті кезеңінің көрсеткішімен салыстырғанда 0,3%-ға жоғары (2012 жылы – 14 471,1 млн.теңге).

2013 жылы облыстың шағын несие ұйымдары сомасы 588,3 млн. теңгеге 405 шағын несие берді, 2012 жылмен салыстырғанда 42,8%-ға төмен (2012 жылы – 1028,2 млн. теңгеге 763 шағын несие). Соның ішінде:

- жергілікті бюджеттің қайтарылған қаражатынан 7 қарызгерге 48,6 млн. теңге несие берілді;

- республикалық бюджет қаражатынан 56,5 млн. теңгеге 67 шағын несие берілді;

- республикалық бюджеттің қайтарылған қаражатынан 113 қарызгерге 318,8 млн. Теңге несие берілді;

- басқа қаржыландыру көздерінен 164,4 млн. теңгеге 218 шағын несие берілді.

Берілген шағын несиелер арқылы 117 жұмыс орны ұйымдастырылды.

«Жұмыспен қамту жол картасы 2020» бағдарламасының 2 бағыты шеңберінде ауыл тұрғындарына сомасы 1 075 млн. теңгеге 602 шағын несие берілді. Жұмыс орындарымен 651 адам қамтылды [5].

«Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде республикалық бюджеттен

жеке меншік кәсіпкерлікті қолдауға 1760,8 млн. теңге және инфрақұрылымды дамытуға 657,3 млн.теңге сомда нысаналы трансферттер бөлінді.

2014 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша бағдарламаның бірінші және үшінші бағыттары шеңберінде Өңірлік үйлестіру кеңесі мен жалпы сомасы 7,7 млрд. теңгеге 91 жоба мақұлданды. Мақұлданған жобалардың шеңберінде 550 жұмыс орны ашылды.

2 кесте – БҚО аудандары бойынша шағын бизнестегі заңды тұлғалар саны

	Шағын бизнестегі белсенді заңды тұлғалардың саны	
	бірлік	үлес салмағы, пайызбен
Барлығы	2017	100
Ақжайық	11	0,6
Бөкей ордасы	4	0,2
Бөрлі	263	13
Жаңақала	9	0,4
Жәнібек	8	0,4
Зеленов	67	3,3
Казталов	9	0,4
Қаратөбе	3	0,2
Сырым	30	1,5
Таскала	18	0,9
Теректі	37	1,8
Шыңғырлау	13	0,7
Орал қаласы	1545	76,6

Кесте мәліметтері БҚО статистика агенттігінің жинақтарынан алынды [4].

Батыс Қазақстан облысы аудандары бойынша шағын бизнестің ұйымдастырылуын 2 кесте мәліметтерінен көреміз. Мұнда негізінен тіркелген шағын бизнес субъектілерінің үлесінің көп бөлігін Орал қаласы құрайды, сәйкесінше – 76,6 %, Бөрлі ауданы - 13 %, ал қалған аудандарда әлі де болса шағын кәсіпкерлікті ұйымдастыру қажеттілігі туралы ақпараттар беріп, халықпен жұмыс жасап, шағын бизнес субъектілерінің толығы бағытында жұмыстар атқару қажет.

Шағын кәсіпкерлікті қолдаудың негізгі мақсаты – олардың әлеуметтік-экономикалық қызметін тиімді атқаруына мүмкіндіктер жасап, өмір сүру мерзімінің неғұрлым ұзаруына ықпал ету. Біздің пікірімізше мемлекеттік қолдаудың бағыттары бойынша бірнеше нақты шараларды іске асыру керек.

Бірінші шара шағын кәсіпкерлік пен кәсіпорындардың мүдделерін қорғайтын салық реформасын жасау керек, атап айтқанда біріншіден экономиканың бұл секторына мемлекет тарапынан таза фискальдық көзқарасты өзгерту, екіншіден, тиімді инвестициялар тарту үшін салық жеңілдіктерін енгізу керек.

Мемлекет кәсіпкерлерді қылмыстық құрылымдардан қорғауы тиіс. Кәсіпкерлер өздерінің қоғамдық ұйымдарын мемлекеттік, аймақтық, жергілікті деңгейде құрып, өз-өздерін кәсіби жүйе арқылы қорғай алуы тиіс. Құқық қорғау органдары мен кәсіпкерлердің қоғамдық бірлестіктерінің арасындағы тығыз қарым-қатынасты жан-жақты қорғаған жөн. Шағын кәсіпкерлік пен кәсіпорындарды құқықтық қолдауда қолданыстағы заң құжаттары талаптарының сөзсіз орындалуын және олардың мазмұнының ведомстволық ережелермен бұрмаланбауын қамтамасыз ету қажет.

Кәсіпкерлердің тауар өткізу нарығын кеңейту үшін мемлекет мұқтаж өнімдерді шығаруға оларды тікелей қатыстыру керек. Мемлекет мұқтаж өнімдерді шығаруға шағын бизнес нысандары үшін міндетті түрде кіші квота енгізу – тауар өткізу нарығындағы шағын кәсіпорындардың тұрақтылығын нығайта түседі.

Екінші шара – шағын кәсіпкерлікке қаржылық жәрдем беретін арнайы қаржылық қорларды құруды ұсынамыз.

Үшінші шара – монополияға қарсы күрес, әділетті бәсекелестік орнату, тұтынушылар құқығын қорғау шараларын жетілдіру.

Шетелдік нарық экономикасының тәжірибелері шағын кәсіпкерлік пен кәсіпорындарды дамытуда қолдауда лизингтік және франчайзингтік қарым-қатынастардың қолайлылығын да дәлелдеді.

Шағын кәсіпорынның ірі орталық және шетелдік компаниялардың құрал-жабдықтарын, қаржы-қаражаттарын, технологияларын пайдалану арқылы дамуы да тығырықтан шығудың бір жолы іспетті.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар

2 Молдабекова А. ҚР-да екінші деңгейдегі банктердің шағын және орта бизнесті несиелендіру жағдайы және несиелеудің жаңа түрлері мен даму болашағы /А.Молдабекова // Ізденіс-Поиск (гуман.ғылым.сер.). – 2009. – № 2. – С. 14-17

3 Кәсіпорынның инвестициялық қызметін несиелеудегі тәуекелді басқару / К.Б.Мукашев // ҚазҰУ хабаршысы. Экономика сериясы. – 2010. – № 5. – С. 62-65 .

4 БҚО статистикалық материалдар жинағы, 2013, 2014 жыл

5 www.damu.kz

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются сущность, роль и значение малых предприятий в экономике. На основе статистических данных представлен анализ условий организации малого бизнеса и указаны пути их совершенствования.

RESUME

In this article are considered the essence, role and importance off small enterprises in the economy. On the basis of statistical data is given the analysis of organization conditions of small business and the ways to improve them.

УДК 339.9

А. А. Максотова, магистрант

А. М. Казамбаева, ғылыми жетекші, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., Қазақстан

СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРДЫ ДАМУДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯНЫҢ РОЛІ

Аннотация

Мақалада «тұрақтылық даму» түсініктемесінің қазіргі заманғы аспектілері, компаниялардың қаржылық стратегиясын әзірлеу әдістемелік аспектілері қарастырылған. Осы терминнің ауылшаруашылық саласында қолдануы талданған. Агроөнеркәсіп кешенінің тұрақтылық дамуының авторлық түсініктемесі берілді.

***Түйін сөздер:** сыртқы экономика, географиялық бедер, өндірістік процесс, интеграция, интеграциялық ұйымдар, экономикалық одақ.*

Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттерден айырмашылығының бірі – пайдалы қазбаларының өте мол қорының болуы екендігі бәрімізге мәлім. Жерасты және жерүсті ұлттық байлықтарымыз текшелеп, есептегендей әр аймақтың климаттық, географиялық бедеріне байланысты бөлініп орналасқандығы да тегін емес.

Жаһандық рейтингке сәйкес, Қазақстан бизнесті жүргізуге ең қолайлы жағдайы бар елдер тобына кіреді және біз бұл үрдісті өрістете түсуге тиіспіз.